

«Бекітемін»

Мектеп директоры

Мурат.



Денешынықтыру бағдарының жылдық жұмыс жоспары

2020-2021 о.ж

№	Жүргізілетін жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Денсаулық фестивалі	8.09. 2020ж	Денешынықтыру мұғалімі
2	Ай сайынғы мектепшілік спорттық ойындар 1-9 сыныптар арасында	жыл бойы	Денешынықтыру мұғалімі Бастауыш сынып мұғалімдері
3	Көңілді старт тоғыз күмалак, дойбы, үстел теннисі 1-9 сыныптар арасында	қараша	Денешынықтыру мұғалімі Бастауыш сынып мұғалімдері
4	ҚР тәуелсіздік күніне арналған спорт жарыстары: шахмат, дойбы, үстел теннисі 5-8 сыныптар. 1-4 сыныптар арасында дойбы:	желтоқсан	Денешынықтыру мұғалімі Бастауыш сынып мұғалімдері
5	«Спорт – көркі өмірдің, спорт – досың, серігің» сайыс сабақ	ақпан	Денешынықтыру мұғалімі
6	Дойбы жарысы 5-9 сыныптар Шахмат жарысы 5-9 сыныптар	наурыз	Денешынықтыру мұғалімі
7	Теннис жарысы 5-9 сыныптар арасында	Сәуір	Денешынықтыру мұғалімі
8	Спорттық ойындар а) футбол ә) волейбол б) баскетбол 5-9 сыныптар арасында	мамыр	Денешынықтыру мұғалімі Сынып жетекшілері Аға тәлімгер

Денешынықтыру мұғалімі:

Силам Ашимбек

**Ескенежал негізгі орта мектебінде 2020-2021 оқу жылы.  
денешынықтыру пәнінен өткен спорттық іс-шараның есебі.**

Мектепте дене тәрбиесі пәні сабақтарынан басқа өткізілетін сыныптан тыс барлық дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, дене тәрбиесі бағдарламасының орындалу өз деңгейінде өтті.

Жалпы мектептегі аптасына берілген үш сағаттық дене тәрбиесі жасөспірімді үлкен спортқа немесе оның денесінің шынығуына жеткілікті деп айту керек. Ол үшін сабақтан тыс уақыттарындағы бос уақыттарды пайдаланған орынды. Мектепте дойбы, шахмат, тоғыз құмалақ, жұмыс жасайды. Сабақтан тыс уақыттардағы спорттық көпшілік жұмыстары жүрілді. Атап айтсақ жылдық жоспар бойынша жоспар құрылып, бекітіле отырып жұмыс жүргізілді. Оқушылар өте көңілді талпыныспен қатысты. Қыркүйек айының 8.09.2020ж «Денсаулық күні» аясында іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Мерекелік шара салтанатты жиыннан басталып, мектеп әкімшілігі «Денсаулық күніне» қатысушыларға жылы лебіздерін білдірді. Бүлдіршіндер спорт жайлы өлеңдерін оқып, ән салып, би билеп, спорттық жарыстармен ұласты. Бастауыш сыныптарда «Дойбы ойыны» жарысы өтті. Жарысқа кішкентай бүлдіршіндер сынып жетекшілерімен қатысып, өздерінің күштерімен сынасып, жылдамдықтарын көрсетті. Орта буын сыныптары мен мұғалімдер волейбол мен шағын футболдан жарысқа түсіп, командалардың бірлігін таныта отырып, тек қана алға ұмтылуға қадам жасады. Жоғары сынып оқушылары үстел тенісінен жарысқа түсті. Оқушылар қандай жарыс болсын өздерінің ептіліктерін, күштіліктерін, жылдамдылықтарымен бірге бірлік татулықтарын таныта білді. Жалпы «Денсаулық күні» қызықты өтті. Жеңіске жеткен оқушылар сыйлықтармен марапатталды. Жылдық жоспар бойынша ай сайынғы мектепшілік спорттық ойындар жүргізіліп отырды. Желтоқсан айында Қазақстан республикасының тәуелсіздік күніне арналған спорт жарыстары ойындарында

5-8 сынып оқушылары ойлау қабілетін дамыту мақсатында өздерінің жүйелі ойлау шапшаңдылықтарын дойбы, шахмат ойнауда ерекше қырларымен көрсете білді. Оқушылар арасында ерекше белсенділікті жоғарғы сынып оқушылары көрсетті. Әр адам өз денсаулығын әр қашан сақтау үшін үнемі спортпен айналысу керек екендігі сайстардың соңында бйқалып жатты. Кез келген дене тәрбиесіне қатысты жарыстар неғұрлым тартымды ұйымдастырылса, осындай жарыстар оқушының қызығушылығын арттыру, денсаулықты нығайту, спортқа деген ынтасын арттыру. Өткізілген іс-шаралар соңында белсенді қатысқан оқушылар марапатталып отырды. Жалпы қорыта келгенде жоспарланған жұмыстар жүрілді.

Денешынықтыру мұғалімі:



Силам А.